

Қайролла Мұқанов



**ЖУРНАЛДАР МЕН
КІТАПТАРДА ШЫҚҚАН
МАҚАЛАЛАР МЕН
КІТАПТАР ТІЗІМІ**

УДК 908
ББК 26.89
М 26

М 26 Мұқанов Қайролла, «Журналдар мен кітаптарда шыққан мақалалар мен кітаптар тізімі». «Северный Казахстан» баспасы, Петропавл, 2017 ж., 128 б.

ISBN 978-601-80667-2-6

53786

Кітапқа автордың журналдар мен кітапта шыққан әр тақырыптағы мақалаларының және өзі жеке шығарған кітаптары мен басқа авторлармен бірлесіп шығарған кітаптарының және әр кезде жасаған баяндамалары мен сөйлеген сөздері берілген. Сонымен қатар көптеген авторлардың сыйлаған кітаптарына жазылған автографтары және осы кітаптың авторы мен шығармашылығы туралы мақалалар мен өлеңдер тізімі келтірілген. Кітаптың соңында автордың наградалары көрсетілген.

Кітап оқушыларға, студенттерге, ұстаздарға, жалпы зиялы қауымға, қалың оқырмандарға арналған.

УДК 908
ББК 26.89

ISBN 978-601-80667-2-6

© Мұқанов Қ., 2017
© Издательство «Северный Казахстан», 2017

Әсемпаз болма әрнеге,
Өнерпаз болсаң арқалаң.
Сен де – бір кірпіш дүниеге
Кетігін тап та, бар қалаң.

Абай Құнанбаев

Кім біледі, кез болса, арттағылар
Ойға салып оқыр да, сөзін сынар.
Көзін салып, ойланып, кейбір сөзін
«Рас-ау», деп мағынасын ол дағы ұғар.

Абай Құнанбаев

Ұйықтап өтсең өміріңде,
Ұйқың ұдайы қанбаса.
Тірлігің не, өлгенің не,
Ешбір ізің қалмаса?!

Қасым Аманжолов

Асығам арманыма жету үшін
Асығам ұзап алға кету үшін
Асығам ақиқаттың көпірінен
Аман-сау арғы бетке өту үшін.
Асығам артта қалып саспау үшін
Асығам бір жұмысты аяқтауға
Тағы да бір жұмысты бастау үшін.

Қадыр Мырзалиев

АЛҒЫ СӨЗ

1917 жылғы Октябрь революциясына дейін көшпелі қазақ ауылдарында балаларды оқытатын мектеп не медресе болған жоқ. Жерлес жазушы Сәбит Мұқанов өзінің «Өмір мектебінде» жазғандай жасы келген балаларды ауылдың бір үйіне жинап молла араб әліпбиімен оқытқан. Мысалы, Сәбит Мұқановпен түйдей жасты (1900 жылы туған) менің әкем Сыздықов Мұқан да ауылда молладан оқып, араб әліпбиімен хат таныған. Осы араб әріптерімен жазылған құранды да, таныстарының осы әріппен жазылған хаттарында оқитын, өзі де осы әріптермен жазатын. Бірақ Совет үкіметі ондай адамдарды бәрібір сауатсыздар деп есептеген. Тек колхоз ұйымдастырылған кезде сауатсыздар мектебін ашып халықты сонда оқытқан. Менің әкем де сондай мектепке жұмыстан кейін барып оқып, латын әліпбиімен хат таныған. Соның өзінде ондай мектепте де оқымай ауылда талай адамдар сол қалпында сауатсыз күйінде қалды.

Біздің «Ынтымақ» ауылының 80–90 шақты үйінен соғысқа дейін тек екі адам ғана орта арнаулы және жоғары оқу орынын бітірді: оның біреуі Қажынәсіп Қабіұлы Сүгіров ағамыз педагогикалық техникумды бітіріп көп жыл мұғалім, мектеп директоры болды. Соғыстың алдында ол қазіргі Мамлют ауданындағы Бостандық мектебінің директоры болып қызмет атқарды. Соғыс басталысымен ол әскерге алынып, 1942 жылы майданда ауыр жараланып, госпитальда қайтыс болды. Оның 1940 жылы туған ұлы Ұлан Сүгіров Омбы ауыл шаруашылық институтын бітіріп, инженер дипломын

алып, көп жыл инженер, совхоз директоры болды. Қазір зейнеткер болса да өнертапқыштықпен айналысуда.

Екіншісі: Қанапия Мұстафаұлы Мұстафин тракторист болып жүріп, комсомолға кіріп, партия-совет мектебін, Бүкілодақтық коммунистік партияның орталық комитетінің жанындағы Жоғары партия мектебін бітірді. Мәскеуде. Көп жыл Ақтөбеде, Алматыда облыстық партия органдарында, кейін Қазақстан Республикасының Мәдениет министрінің орынбасары, Республикалық телевизия және радио хабарларын тарату комитетін басқарды. Бірақ мұндайлар аз болды, өйткені ауылда тек бастауыш мектеп қана болды. Оны бітіргендердің көбі әрі қарай оқи алмады.

Мен ауылдағы бастауыш мектепті 1941 жылғы июнде бітірдім. Сол айда Германия фашистерімен соғыс басталып кетті. Ауылдың ер азаматтары соғысқа аттанды. Біздің үйден әкемнің үш інісі – Құрман, Омар, Хамза майданға жіберілді. Әкемді Петропавл қаласына трудармияға алып әскери зауытқа жұмысқа тағайындады. Үйде кәрі әжем (әкемнің шешесі), Хамза ағамның жас зайыбы Сақып, Құрман ағамның менен де кіші ұлы Шәріп төртеуміз ғана қалдық. Соғыстың зардабынан көп қиыншылық көрдік. Мен әрі қарай ешқайда барып оқи алмай бір жыл ауылда колхозда ұсақ-түйек жұмыс істедім. Менің бақытыма қарай 1943 жылы февральда майданда бір иығынан жараланып Хамза ағамыз елге оралды. Ол келгесін жағдайымыз түзеле бастады. Ол келісімен жақын жердегі (7 км) Дмитриевка селосынан хат, газет, журнал таситын пошташы (почталион) болып орналасты. Сол жылғы 1-ші сентябрьде ол мені сол Дмитриевка селосындағы орыс мектебіне оқуға аларып

орналастырды. Ол кезде, мен орыс тілін нашар білетін едім. Сондықтан 4-ші класты бітіріп келген мені 2-інші класқа отырғызды. Алғашқы кезде тіл білмегендіктен қиын болды. Дегенмен бар ынтаммен оқығандықтан бір-екі айда тілді біраз меңгеріп жақсы оқып кеттім. Осы мектепте оқып жүріп орыс тіліндегі кітаптарды көп оқыдым. Бұл орыс тілін жетік білуге көмектесті. Осында оқып жүргенде бірсыпыра қазақ кітаптарын да оқыдым. Орыс тілінде А. С. Пушкиннің, М. Ю. Лермонтовтың өлеңдер, поэмалар жинағын, Н. А. Островскийдің «Как закалялась сталь», А. Фадеевтің «Разгром», «Молодая гвардиясын» оқысам, қазақ тілінде Сәбит Мұқановтың «Менің мектептерім», «Адасқандар», «Сұлушаш», «Жұмбақ жалау», Мұхтар Әуезовтің «Ақын аға», «Абай» (I-том), Ғабдол Слановтың «Арман ағысы», «Дөң асқан», «Жанартау», Әлжаппар Әбішевтің «Армансыздар», «Жас түлектер», Абайдың өлеңдерін, т.б. оқыдым.

1949 жылы Дмитриевка жетіжылдық мектебін бітіріп, аудан орталығындағы Марьевка орта мектебінің 8-ші класына оқуға түстім.

Мен Марьевка мектебінің 8-ші класына келгенде Қошанов Аманжол 9-ншы класта оқып жүр екен. Білімді де пысық оны мектептің оқушылар комсомол комитетінің хатшысы етіп сайлапты. Мен келгеннен кейін көп кешікпей осы комсомол комитетінің мүшесі және оқушылар комитетінің (учкомының) председателі етіп сайлады. Екеумізде бұл жұмыстарды жақсы атқардық.

Бұған қоса сол кезде мектепте оқып жүрген 6–10 кластардағы қазақ оқушыларын жинап жиналыс өткізіп, Абай атындағы патриоттық ұйым құрдық. Ұйым мүшелері ара-тұра жиналып қазақ әдебиеті мен тарихы

жөнінде кеш өткізіп, әңгімелесіп тұрдық. Біз және менің ұсынысыммен «Достар дауысы» атты әдеби жинақ (альманах) шығардық. Редакторы мен, тексін жазушылар Жарылғапов Қабдрахман және Бектұров Нұрғожа болды.

Жинақта менің, Аманжолдың, Жарылғапов Қабдрахманның, Бектұров Нұрғожаның, Оразалин Сәкеннің, Жахин Зейкеннің, Айтмағамбетов Жақсыбайдың, т.б. мақалалары жазылды. Бұл жинақ қазір де менің қолымда. Осындай істермен айналыса жүріп мен кітап оқуды да тоқтатқам жоқ. Осы мектепте оқыған кезде В. Белинскийдің, Н. Г. Чернышевскийдің, Н. А. Добролюбовтың, И. С. Тургеневтің, Н. В. Гогольдің, А. С. Пушкиннің, Л. Н. Толстойдың, М. А. Шолоховтың, К. Симоновтың, А. Сурковтың, А. Т. Твардовскийдің, т.б. кітаптарын оқыдым. Негізгі сабақтарды да жақсы оқыдық. Жалпы сол орыс мектебінде оқыған қазақ балаларының барлығы дерлік оқуды жақсы үлгерді. Барлығы да зор патриоттық сезіммен намысқа тырысып, бірін-бірі қолдап отырды.

1951 жылғы июньде Аманжол Қошанов 10-ншы класты алтын медальға бітіріп, Москваның халықаралық қатынастар институтына оқуға түсті. Біз онымен хат жазысып тұрдық. Ол хат арқылы сол Москвада оқып жүрген Кәкімбек Салықовпен, Шота Уәлихановпен таныстырды. Кейін біз олармен де дос болып хат жазысып тұрдық. Сол достығымыз кейін де жалғасты.

1952 жылғы жазда 10-ншы класты бітіріп, Қабдрахман екеуміз Алматыдағы С. М. Киров (қазір Әл-Фараби) атындағы Қазақ мемлекеттік (ұлттық) университетіне оқуға түстік. Мен онда да негізгі оқудан басқа көптеген

әртүрлі кітаптарды оқыдым. Бұл жерде оларды атамай-ақ қойайын, өйткені ол үлкен тізім болар еді. 1957 ж. университетті бітіріп келгесін 2 жыл Хрущев мектебінде, 12 жылдан аса Городецк мектебінде қызмет істедім. 1971–1995 жылдары Петропавлда облыстық оқу бөлімі меңгерушісінің орынбасары қызметін атқардым. 1995–2000 жылдары облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында қызметте болдым. Одан кейін 2001–2012 жылдары облыстық тарихи-өлкетану музейінің жанында ашылған «Асыл мұра» – әдеби, тарихи зерттеу орталығында қызмет атқардым. Сөйтіп, оқу оқыған, қызмет атқарған 70 жыл ішінде мен бірнеше жүздеген кітаптар оқыдым қазақ, орыс тілдерінде. Олардан көп білім, тәлім алдым. Бұл менің өзімнің де мақалалар, өлеңдер жазуыма, сөйтіп, шығармашылықпен айналысуыма көмектесті. Нәтижесінде сонау 1943 жылдан бастап аудандық, облыстық, республикалық газеттерге, республикалық, одақтық журналдарға мақалалар жазып жарияладым.

1998–2017 жылдар аралығында 21 кітап шығардым (жеке өзім) және басқа авторлармен бірлесіп 18 кітап шығарыппын. Бұлардан басқа әртүрлі 45 кітапта менің мақалаларым, алғы сөздерім жарияланды. Өлкеміздің көптеген зиялы азаматтарының өмір жолы мен шығармашылығы, елге сіңірген еңбегі туралы мақалалар мен очерктер жазып әртүрлі басылымдарда жарияладым.

1972–1997 жылдар аралығында облыс мектептері, жалпы халық ағарту жұмысы жайлы бірқатар баяндамалар жасап, облыстық радио мен телевизияда сөз сөйлеген екем. Солардың тізімін де осы кітапқа енгіздім. Осы тізімдерде көрсетілген мақалалардың мәтіндерін

(текстерін) бұл жерде келтіру мүмкін емес, өйткені олар бірнеше кітап болар еді. Сонымен бірге әртүрлі авторлардың әр кезде маған сыйлаған кітаптарына жазған қолтаңбалары (автографтары) да осы кітапқа кіріп отыр. Олардың өзі 120 болып қалыпты.

Мен және менің шығармаларым туралы 140-тан астам мақалалар да осы кітаптан орын алды. Әр жылдары алған әртүрлі наградалар мен алғыстар да кітапта көрсетілді. Кітаптың соңында бірқатар авторлардың маған арналған өлеңдері беріліп отыр.

Мен бұл материалдарды өзімді өзім мақтау үшін келтіріп отырған жоқпын, кейінгі ұрпақ менің өмірімде жазған шығармаларымды білсін, халықтың нанын еш еңбектенбей тегін жемегенімді көрсін деп жазып отырмын. Сондықтан оқырман қауым бұл кітапты түсіністікпен оқуын өтінемін.

Автор

Қайролла Мұқанов **(Өмірбаяндық анықтама)**

Қайролла Мұқанұлы Мұқанов 1932 жылдың 26 қыркүйегінде қазіргі Тимирязев ауданындағы «Ынтымақ» ауылында туған. Ауыл бастауыш мектебін қазақ тілінде соғыстың қайнап тұрған кезінде 1942 жылғы жазда бітірді. Әкесі және оның үш інісі бірдей әскерге және әскери зауытқа жұмысқа алынғаннан кейін отбасында тек кәрі әжесі мен жеңгесі қалды. Тұрмыс қиын болды. Жақын жерде қазақ орталау не орта мектебі болмады. Осындай қиыншылықтарға байланысты ол

бір жыл ешқайда оқи алмады. Тек 1943 жылы наурыз айында әкесінің інісі Хамза әскерден жараланып келгеннен кейін ғана оқуға мүмкіндік туды. 1943–1944 оқу жылының басында Хамза ағасы оны жақын жердегі (7 км) Дмитриевка селосындағы орыс жетіжылдық мектебіне оқуға орналастырды. Ол кезде жасөспірім Қайролла орыс тілін мүлде білмейтін еді, сондықтан оны мектеп басшылары 2-ші сыныпқа отырғызды. Алғашқы кезде тіл білмегендіктен біраз қиыншылықтар болды. Кейін ол тілді меңгеріп жақсы оқи бастады. Барлық қиыншылықтарға қарамастан 1949 жылы осы мектепті жақсы бітіріп, сол кездегі Октябрь ауданының орталығындағы Марьевка орта мектебіне оқуға түсті. Бұл мектепті күміс медальмен тәмамдап 1952 жылы Алматы қаласындағы С. М. Киров (қазір әл-Фараби) атындағы Қазақ Мемлекеттік университетінің философия бөліміне оқуға қабылданды. 3-ші курста бұл бөлім жабылғаннан кейін сол университеттің тарих факультетінде оқуын жалғастырды. 1957 жылғы жазда осы факультетті тәмамдап елге оралды.

Еңбек жолын Қайролла Мұқанұлы Октябрь ауданында (қазіргі Тимирязев ауданында) тың игеру кезінде жаңа құрылған Хрущев (кейін «Восход» совхозы деп аталды) совхозының орта мектебінде тарих пәнінің оқытушысы болып бастады. Келесі 1958–1959 оқу жылы сол мектептің оқу ісінің меңгерушісі болып тағайындалды. 1959 жылдың тамыз айында Октябрь аудандық оқу бөлімі (меңгерушісі В. Д. Кузнецов) оны сол аудандағы (қазір Шал ақын ауданы) Городецкий сегізжылдық мектебіне директор етіп жіберді. Городецкое үлкен село болғанымен мектебі нашар екен. Ескі мектептің

жанынан саман кірпіштен жаңа мектеп салынып жатыр екен. Екі ай бойы құлағалы тұрған ескі тар мектепте жұмыс істеуге тура келді. Әйтеуір Қараша айында жаңа мектеп дайын болды. 1965 жылы сегізжылдық мектеп орта мектепке айналды. Қайролла Мұқанов осы мектепті 12 жыл басқарды. Мектеп аудан ішінде абыройлы болды. 1971 жылдың 10-шы желтоқсанында Қ. Мұқанов Солтүстік Қазақстан облыстық оқу бөлімінің меңгерушісінің орынбасары болып тағайындалды. Осы қызметте ол үздіксіз 23 жыл істеді. 1995 жылдың басынан бастап 6 жыл облыстық мұғалімдер білімін жетілдіру институтында әдіскер әрі аға оқытушы қызметін атқарды. Ол 1993 жылы зейнеткерлікке шықса да жұмыссыз қарап отырмады. 2001 жылғы 1-ші ақпаннан бастап 2013 жылғы 19 шілдеге дейін Солтүстік Қазақстан облыстық тарихи-өлкетану мұражайының жанынан құрылған «Асыл мұра» ғылыми-зерттеу орталығында ғылыми қызметкер болып істеп келді.

Қ. Мұқанов облыс мектептері мен халық ағарту органдарында жалпы алғанда 42 жыл еңбек етті. Оның осы уақыт аралығында халық ағарту ісінде көрсеткен жетістіктері уақытында бағаланды да. Ол «Құрмет белгісі» орденімен, В. И. Лениннің 100 жылдығына арналған медалімен, Ыбырай Алтынсарин медалімен, «СССР халық ағарту ісінің отличнигі», «Қазақ ССР халық ағарту ісінің отличнигі» белгілерімен, Қазақстан Республикасы Жоғары Советінің, Қазақ ССР халық ағарту министрлігінің, Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің, Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитетінің Құрмет грамоталарымен марапатталды.

Қ. Мұқанов негізгі қызметімен қатар көптеген қоғамдық жұмыстар атқарды. 1972–1995 үздіксіз Халық ағарту ғылым істері жөніндегі Солтүстік Қазақстан облыстық кәсіподақ (профсоюз) комитетінің Президиумының мүшесі, Облыстық атқару комитетінің жанындағы байқау (наблюдательный) комиссиясының, Облыстық табиғатты қорғау қоғамы Президиумының мүшесі болды. 1992 жылдан бастап осы күнге дейін облыстық ардагерлер Кеңесінің мүшесі, 1990 жылдан 2005 жылға дейін облыстық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасының орынбасары, 1995 жылдан осы күнге дейін облыстық Сәбит Мұқанов атындағы әмбебап кітапханадағы өлкетанушылар клубының мүшесі болып істеп келеді. Соңғы жылдары ол Петропавл қалалық ономастикалық комиссия мүшесі болды.

Қ. Мұқанов сонау 1943 жылдан бері аудандық, облыстық, газеттерге әр тақырыпта мақалалар жазып келеді. Ол зейнеткерлікке шыққаннан кейін әсіресе өлкетану жұмысымен көбірек айналысуда. Өзіміздің Солтүстік Қазақстан өңірінің атақты адамдарының өмір жолын зерттеп, материалдар жинап баспасөз бетінде жариялаумен шұғылданады. Ол үшін Солтүстік Қазақстан облыстық, Алматыдағы Орталық республикалық және Омбы, Тобыл қалаларындағы мұрағаттарды қопарып көптеген құжаттарды саралап бірсыпыра бұрын белгісіз болған материалдар жинады. Сонымен қатар өлкеміздің зиялы қарт адамдарымен сұхбаттасып, олардан да біраз тарихи материалдар, естеліктер, шежіре, т.б. жазып алды. Оның үстіне көптеген кітаптардан, газет, журналдардан да қажетті материалдар жинады. Соларды пайдаланып, баспасөз беттерінде

қазақ, орыс тілдерінде көптеген мақалалар жариялап, бірнеше кітаптар шығарды.

Қ. Мұқанов әріптесі Социал Жұмабаев екеуі бірігіп атақты жерлесіміз Тоқсан би туралы, революционер Баймағамбет Ізтөлин туралы («Арманды ақын»), Барлыбаевтар әулеті туралы («Бір әулеттің тарихы»). Ал марқұм Ғалым Қадірәлинмен бірігіп Қазақ ССР-на еңбек сіңірген ұстаз Шияп Садықов туралы, белгілі оқытушы Қайреш Қоспанов туралы, бұрынғы «Союзцелинвод» тресінің бастығы Қаттай Кеншінбев туралы кітаптар шығарды. Бұларға қоса үшеуі бірігіп Сегіз сері Шақшақовтың 2 томдық, Қожаберген жыраудың бір томдық шығармалар жинағын тағы басқа кітаптар шығарды.

Қ. Мұқанов жеке өзі өлкеміздің зиялы азаматтарының бірі Абылай қажы Рамазанов туралы («Елін сүйген азамат»), Қазақстанға еңбегі сіңген ұстаз Қағида Базарбаева туралы («Ұлағатты ұстаз»), Қызылжар қаласындағы қазақ педагогикалық техникумының тұңғыш директоры, Алаш партиясының мүшесі, журналист, дәрігер Жұмағали Тлеулин туралы орыс тілінде («Жұмағали Тлеулин – деятель Алаш Орды»), өзінің туған ауылы туралы («Ынтымақ ауылы»), өңіріміздегі қыздардың арасынан алғаш жоғары діни білім алған, бірақ сол кездегі байлардың зорлығымен арманына жете алмай қыршынынан қиылған Ұмсын сұлу Жұсыпқызы туралы («Ұмсын сұлу»), өлкеміздің белгілі зиялы азаматтары туралы («Өлке тұлғалары»), т.б. кітаптар шығарды.

Қ. Мұқановтың соңғы жылдардағы осындай еңбектері бағаланып, ол 2005 жылы «Жеңіске 60 жыл» кейін «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Жеңіске 65

жыл» медальдарымен және академик Е. А. Бөкетов медалімен қоса ақшалай сыйлығымен марапатталды.

2009 жылы ол атақты жерлесіміз әйгілі ақын Мағжан Жұмабаев туралы зерттеу еңбегін шығарды, 2013 ж. осы еңбегін толықтырып «Мағжанның ізімен – По следам Мағжана» атты көлемді (440-бет) кітап шығарды. Қазіргі кезде Облысымыздың халық ағарту ісінің тарихын зерттеумен айналысуда. Сонымен қатар ағымдағы баспасөз беттерінде әр тақырыпта, әсіресе «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында мақалалар дайындап жариялауда. Ол Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, М. Қозыбаев атындағы Солтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінің Құрметті профессоры.

Кайролла Муканов **(Биографическая справка)**

Кайролла Муканович Муканов родился 26 сентября 1932 года в крестьянской семье в ауле Ынтымак бывшего Октябрьского (ныне Тимирязевского) района Северо-Казахстанской области. После окончания аульской начальной школы на родном казахском продолжил учебу на русском языке вначале в Дмитриевской семилетней, затем в Марьевской средней школе. Окончив Марьевскую среднюю школу с серебряной медалью в 1952 году поступил в Казахский Государственный Университет имени С. М. Кирова (ныне КазНУ им.Аль-Фараби).

После окончания исторического факультета КазГУ в 1957 г. начал трудовую деятельность учителем истории в средней школе Целинного совхоза имени Н. С. Хрущева

Октябрьского района Северо-Казахстанской области. В 1958–1959 учебном году работал завучем этой же школы. А в августе 1959 г. был назначен директором Городецкой восьмилетней школы того же района. Чуть позже школа не без участия Муканова К. М. была преобразована в среднюю. В этой школе Кайролла Муканович проработал 12 лет.

В декабре 1971 г. Кайролла Муканов был назначен заместителем заведующего Северо-Казахстанского областного отдела народного образования (обЛНО). С 1-го февраля 1995-го до 1-го февраля 2001 г. работал старшим преподавателем кафедры инновационных педагогических технологий областного Института усовершенствования учителей (ИУУ).

После обретения нашей страной независимости в начале 90-х годов в Северо-Казахстанский университет поступали учиться студенты из Китая, Монголии, слабо знавшие русский язык. Кайролла Муканович в течение 2 лет читал им, а так же местным студентам курс лекций по истории Казахской ССР на казахском языке. Несколько лет работал председателем Государственной экзаменационной комиссии на историческом факультете университета. Выступал с содержательными докладами на многих научно-практических конференциях. Активно принимал участие в общественной жизни университета и до сих пор не прерывает связь с вузом.

С 1-го февраля 2001 г. до сегодняшнего дня К. М. Муканов работает сотрудником научного литературно-исторического методического центра «Асыл мұра» («Золотое наследие») при Северо-Казахстанском областном краеведческом музее.

Кайролла Муканович – активный общественник. С августа 1972 г. по август 1995 г. являлся активным членом Президиума Северо-Казахстанского обкома профсоюза просвещения и науки. Член областной наблюдательной комиссии при исполкоме областного Совета народных депутатов. В это же время он – член президиума областного Общества охраны природы. С 1992 года по настоящее время член областного Совета ветеранов. С 1990 по 1995 гг. работал заместителем председателя областного общества «Қазақ тілі» на общественных началах. С 1995 г. по настоящее время Муканов К. М. является активным членом клуба краеведов при областной библиотеке им. Сабита Муканова.

Кайролла Муканов систематически занимается творческой работой. Он еще в школьные годы писал заметки, стихи, делал зарисовки в школьную стенгазету, затем районную и областную газеты. Работая директором школы, затем заместителем заведующего облОНО и сотрудником ИУУ, Муканов К. М. опубликовал в областных газетах «Ленин туы» и «Ленинское знамя», республиканских газетах «Қазақстан мұғалімі» и «Учитель Казахстана», журнале «Қазақстан мектебі» большое количество статей на педагогические темы на русском и казахском языках.

После выхода на пенсию 1993 году Кайролла Муканович продолжает работать. В этот период он много занимается краеведческой работой. Собирает материалы о знаменитых земляках-североказахстанцах в областных, республиканских архивах, Государственном архиве Омской области, архиве г. Тобольска соседней РФ и др. Беседуя со старожилками, пополняет свои знания

о прошлом области. В результате огромного неустанного труда, им написаны статьи о творчестве академика Евнея Арстановича Букетова, академика Аманжолы Кошанова, поэта Какимбека Салыкова, архитектора Шоты Валиханова, писателей-земляков Сабита Муканова, Габита Мусрепова, Ивана Шухова, Сафуана Шаймерденова, Герольда Бельгера, Кожаберегена жырау, Сегиз Сери Шакшакова, Магжана Жумабаева, Миржакыпа Дулатова, Ахмета Байтурсынова и др.

Кайролла Муканов совместно с Социалом Жумабаевым подготовил и издал книгу о знаменитом бие XIX века, уроженце Северного Казахстана Токсане Жабайулы (Токсан би), книгу «Арманды ақын» о поэте-революционере Баймагамбете Изтолине, «Бір әулеттің тарихы» о семье Барлыбаевых. Муканов К. М. собрал огромный материал и выпустил в 2003 году книгу под названием «Елін сүйген азамат» («Человек, любивший свой народ») о знаменитом земляке, члене партии «Алаш», репрессированном в 1928–1931 гг. Аблае Рамазанове, «Ұлағатты ұстаз» («Замечательный педагог») о заслуженной учительнице Казахской ССР Кагиде Базарбаевой, «Жумағали Тлеулин – деятель «Алаш Орды» – первом директоре Петропавловского Казпедтехникума, друге Миржакыпа Дулатова и Магжана Жумабаева, «Ынтымақ ауылы» («Аул Ынтымақ») – об истории родного аула, «Ұмсын сұлу» («Красавица Умсын») – об ученой девушке, ставшей жертвой феодально-патриархального строя, «След поэта» о Магжане Жумабаеве и др. И сегодня Кайролла Муканов продолжает исследовательскую краеведческую работу о знаменитых земляках, по истории области.

За 44 года неустанной работы Кайролла Мука-
нов внес значительный вклад в дело развития и со-
вершенствования народного образования области.
За большие заслуги в этой сфере он награжден мно-
гочисленными орденами, знаками отличия, меда-
лями, почетными грамотами, благодарственными
письмами. К примеру, орденом «Знак Почета», знач-
ками «Отличник просвещения СССР», «Отличник
народного образования Казахской ССР», медалью
имени Ибрая Алтынсарина, медалью «За трудовую
доблесть. В ознаменование 100-летия В. И. Ленина»,
Почетными грамотами Верховного Совета Казах-
ской ССР, Министерства просвещения КазССР, Севе-
ро-Казахстанского обкома партии и облисполкома.
В 2005 году Кайролла Муканович награжден медаля-
ми «60 лет Победы», «Конституции Казахстана 10 лет»,
в 2009 году премией и медалью имени академика
Е. А. Букетова, в 2010 году Почетной грамотой акима
Северо-Казахстанской области в связи с 10-летием
центра «Асыл мұра», в 2011 году знаком «Мәдениет
қайраткері» Министерства культуры РК. Он – член
Союза журналистов Казахстана, Почетный профессор
Северо-Казахстанского государственного универси-
тета им. М. Козыбаева. Почетный ветеран Северо-Ка-
захстанской области (в честь 30-летия ветеранского
движения). Решением Президиума НАН ВШК удосто-
ен диплома и медали «Қазақстан жоғары мектебіне
еңбек сіңірген қайраткер». Диплом и медаль вручены
13.10.2017 г. на областном торжественном собрании,
посвященном 80-летию СКГУ имени Манаша Козы-
баева Президентом НАН ВШК Мутановым Г. М.

Қайролла Мұқановтың журналдарда жарияланған мақалалары

1. Большой и светлый путь – журнал «Народное образование» – Москва, 1977 год, № 9, стр. 92–93.
2. Этапы большого пути (об истории развития народного образования области за 60 лет Советской власти) (совместно с Я. И. Носковым) – «Народное образование» – 1977 год. № 11, стр. 4–6.
3. Чистовская ученическая бригада (Совместно с Я. И. Носковым) – «Народное образование» – 1979 год, № 7, стр. 69–70.
4. Нәтижелер және көкжиектер – «Қазақстан мектебі» – 1981 жыл, № 6, 17–20 б.
5. Решаем задачи первостепенной важности – «Русский язык в казахской школе» – 1984 год, № 12, стр. 3–7.
6. Изучать язык Ленина – «Русский язык в школе» – 1985 год, № 11, стр. 3–9.
7. Реформа жұмыс үстінде – «Қазақстан мектебі» – 1985 жыл, № 5, 13–19 б.
8. Ұстаз жолы – «Қазақстан мектебі» – 1986 жыл, № 4, 34–36 б.
9. Жалпы қамқорлық – «Қазақстан мектебі» – 1986 жыл, № 10, 9–11 б.
10. Дархан еді даласындай «Е. А. Бекетов туралы» – «Сарыарқа» – 1996 жыл, № 3, 12–16 б.
11. Сабит и Мағжан – «Нива» – 2001 год, № 1.
12. Мағжан в Петропавловске – «Нива» – 2003 год, № 8 стр. 72–79.

13. Эксперимент по самопознанию идет «о работе СШ №7 по проведению эксперимента по самопознанию» – «Мой город» – 2003 год, № 1, стр. 8.

14. Мечети Петропавловска – «Мой город» – 2004 год, № 3, стр. 12–13

15. Письмо Татьяны под аккомпанемент домбры – «Провинция» – 2006 год, № 2, стр. 7–11.

16. Сәбит және Қызылжар – «Жаңа Сарыарқа» – 2006 жыл, № 4, 42–46 б.

17. Воин и поэт (о жизни и творчестве Кожабегена жырау) – «Нива» – 2006 год, № 1, стр. 75–83.

18. Ұлы ағартушы (Мағжан Жұмабаев туралы) – «Жаңа Сарыарқа» – 2008 жыл, № 4, 15–22 б.

19. Горячее огня (о Шал акыне и его творчестве) – «Провинция» – 2008 год, № 3, стр. 64–68.

20. Ақиық ақынның ұстаздары – «Мағжан» журналы – 2008 жыл, № 3, 51–61 б.

21. Міржақып Дулатов Қызылжарда – «Жаңа Сарыарқа» – 2009 жыл, № 1, 8–11 б.

22. Тимирязев ауданына Сәбит Мұқанов аты берілсе – «Жаңа Сарыарқа» – 2009 жыл, № 6, 4–6 б.

23. Абылай хан және Бұқар жырау – «Жаңа Сарыарқа» – 2009 жыл, № 2, 42–45 б.

24. Истинный патриот Казахстана (к 80-летию Герольда Бельгера) – «Мысль» – 2014 год, № 10, стр. 61–62.

25. Академик Е. А. Букетов – педагог и наставник – «Сборник СКГУ» к 90-летию академика – 3.04.2015 г., стр. 50–53.

26. Феномен Чокана Валиханова – «Мысль» – 2015 г, № 11, стр.71–74. В соавторстве с А. А. Сыздыковой.

27. Сәкен Сейфуллиннің идеясымен салынған қазақ поселкалары – «Ақиқат» – 2015 жыл, № 10, 30–32 б.

28. Мағжанның түрікшілдігі – «Мағжан» – 2016, № 2, 30 б.

29. Алғашқы «Айқаптың» Солтүстік өңірдегі тілшілері – «Айқап» – 2016 жыл, № 2, 65–69 б.

30. Мағжан поэзиясындағы түркі тақырыбы – «Айқап» – 2016 жыл, № 4, 48–53 б.

31. Люди великой степи: по труду и награда – «Мысль» – 2016 год, № 2, стр. 45.

32. Шарипа Нұржанова, Әсел Әлім (Қайролла Мұқановпен сұхбат) – «Мен де еліме, халқыма адал қызмет етсем...» – «Ақиқат» – 2017 жыл, № 4, 78–82 б.

33. «Бекмұхамбет Серкебаев – білікті ұстаз, көрнекті жазушы, ұлтжанды азамат» – «Айқап», 2017 жыл, № 2, 134–137 б.

Қайролла Мұқановтың әртүрлі кітаптарда басылған мақалалары, естеліктері, алғы сөздері

1. Қайролла Мұқанов. «Батыр Баян ақын, жазушылар шығармаларында». Кітапта: Социал Жұмабаев, Зейнолла Олжабаев, «Батыр Баян», Петропавл, 2008. 90–15 беттерде.

2. Нұрғожа Бектұровтың «Мерген ауылы». Астана, 2010. Кітабына алғы сөз.

3. Қайролла Мұқанов. Ақжүрек, абзал азамат. Кітапта – «Азамат келбеті», Петропавл, 2010 (93–99 беттерде)

4. Қайролла Мұқанов. 1) Абылайдың қос батыры – Күлеке мен Құлсары 2) Абылайдың айбынды серігі. Кітапта – Мағжан Рахимов. «Құлсары батыр». Петропавл, 2009. (52–62 беттерде)

5. Қайролла Мұқанов. Мінайдар Жақыповтың «Өмір өткелдері», Петропавл, 2010 ж. кітабында алғы сөз (3–4 беттерде) және «Фибратты ғұмыр» атты мақала (63–67 беттерде) және осы кітапты құрастырушы, редакция алқасының мүшесі.

6. Есенғали Керейбаевтың «Өмір өткелдері», Петропавл, 2012 ж. кітапты құрастырушы және Алғы сөзін жазған Қайролла Мұқанов редакция алқасының мүшесі.

7. Қайролла Мұқанов. «Өнегелі өмір». Кітапта Күләш Ахметбекова «Ел ардақтысы», Петропавл, 2010. (61–65 беттерде), редакция алқасының мүшесі.

8. Молдахмет Сұрағановтың «Ауылым – алтын бесігім» – Петропавл, 2010 ж. кітабына алғы сөз жазған және редакция алқасының мүшесі Қайролла Мұқанов.

9. Болат Мағазұлы Сағындықовтың «Өмір жыры», Петропавл, 2011 ж. «Қиын де шуақты жылдар» (75 жыл) кітабына алғы сөз жазған (6–33 беттерде) және редакциялаған Қайролла Мұқанов.

10. Сапарғали Жолаушиннің «Бике елі және оның шежіресі» Петропавл, 2011 ж. кітабын әдеби өңдеп, баспаға дайындаған және алғы сөзін жазған Қайролла Мұқанов.

11. Оспанова Марал Зейнел-Ғабиқызының «Жақсының аты өшпес» Петропавл, 2011 ж. кітабына алғы сөзін жазған Қайролла Мұқанов. (7–8 беттерде).

12. Қайролла Мұқанов. «Өнегелі ақын». Кітапта – Қобылан Хамзин «Халықтың ақыны» Петропавл, 2008 ж. 71–80 беттерде.

13. Қайролла Мұқанов. «Шал ақын поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер». Кітапта – «Шал ақын». Өлеңдер, зерттеулер. Алматы, «Арыс», 2003 ж. (163–168 беттерде)

14. В книге «...Светлых мыслей красота» (североказахстанцы к 200-летию со дня рождения А. С. Пушкина) Петропавловск, 2000 г. статья Кайроллы Муканова «Читают тебя с упоением в глазах...» (на стр. 84–88)

15. Облыстық «Солтүстік Қазақстан» газетінің 85 жылдығына арналған «Дәуір-дастан», Петропавл, 2005 ж. атты кітапта Қайролла Мұқановтың «Дарынды қаламгер» (Мәжит Дәулетбаев туралы) мақаласы жарияланды 44–49 беттерде.

16. В книге «Трагедия и прозрение», Петропавловск, 2002 г. опубликованы статьи К. М. Муканова «Алаштың абзал азаматы, ақыны» (стр. 111–127) (О Мағжане Жұмабаеве) и «Возвращенное имя» (Об Ибрае Сандыбаеве) (стр. 141–147), «Ыбырай Сандыбаев» (1858–1930) в соавторстве с С. Кулмагамбетовым – стр. 147–155.

17. «Қадірлі еді Қаратай» атты Қаратай Қайыржанұлына арналған естеліктер жинағында (Петропавл, 2012 ж.) Қ. Мұқановтың «Адамгершілігі мол азамат еді» деген естелігі жарияланған. 26–30 беттерде.

18. В книге «Учить искусству обучения» Алма-Ата, «Мектеп», 1987 г. статья К. М. Муканова, зам. Заведующего Северо-Казахстанским облоно «Школьная реформа и районо» стр. 89–103.

19. В книге «Иван Шухов. Современники и земляки о жизни и творчестве писателя». Москва, 2006 г., стр. 237–241 статья «Глашатай дружбы»

20. В книге «Магжан Жумабаев» Петропавловск, 2006, стр. 242–262 статья «Сабит и Магжан».

21. В книге «Золотая книга целины – 50 лет» Петропавловск, 2004 г. стр. 253–259 статья «Все начинается со школы»

22. В книге «Сто лет. Лети строка, через века!». Статьи, воспоминания, очерки. Петропавловск, 2007 г. стр. статья «Сабит Муқанов. Работаю над романом» «Есіл»

23. В книге «Магжан Жумабаев. Стихи. Проза и литературные исследования». Составитель – Ж. Сулейменов. Петропавловск, 2006, стр. 242–262 статья «Сабит и Магжан».

24. В книге «Материалы научно-практической конференции «Архивное дело в Северо-Казахстанской области». Исторический опыт и перспективы развития». Петропавловск, 2008, стр. 75, статья К. Муқанова «Белые пятна» документальной истории области. 8 стр.

25. «Өңірдің ұзақ жолдары» (Жұнысов Қасым туралы) – Арқалық, 2009 ж. 106 бет – атты кітапта Қ. Мұқановтың «Через все испытания», «Сөзі де, ісі де өнеге», «Бақытты жан» атты үш мақаласы бар. (29–39 беттер)

26. «Арманды ақын» (Баймағамбет Ізтолин туралы) Петропавл, 2001 ж., 260 бет. Кітапта Қ. Мұқановтың «Сабит және Баймағамбет» атты өлеңі (124–125 б), және (Сабит и Баймағамбет) атты орыс тілінде жазылған мақаласы берілген (211–223). Кроме того даны переводы некоторых стихотворений поэта, переведенное на русский язык К. Муқановым (244–248)

27. Рүстем Уәйісов «Ата салты ұрпаққа мұра», Петропавл, 2009 ж., 172 бет атты кітапта Қ. Мұқановтың «Аяулы әжем» атты өлеңі берілген (68–69)

28. В.И. Маслов «Өмірдің жарқын беттері» – «Яркие страницы жизни» (О Жаксылыке Исакове) г. Петропавловск, 2012 г., 376 стр. кітапта Мұқановтың «Жоғары оптимист және еңбекқор адам» және орысша «Человек высокого оптимизма и трудолюбия» атты мақаласы берілген (292–295 стр.)

29. «Мағжан әлемі. Әдеби зерттеулер». Құрастырған Ж. Сүлейменов – Алматы, «Асыл кітап», 2009 ж., 496 бет. Кітапта Қ. Мұқановтың «Ақиық ақынның ұстаздары» атты мақаласы берілген (231–246 беттер)

30. «Дауылпаз баба Қожаберген». Құрастырушы А. Тасболатов. Шығармалар жинағы мен зерттеулер. – Алматы, «Мектеп», 2011 ж., 464 бет. Кітапта Қ. Мұқановтың «Қожаберген Толыбай сыншы ұлы» (316–324) қазақша және «Қожаберген жырау орысша» (340–358) мақалалары берілген.

31. «Академик Е. А. Букетов (80 лет)». Петропавл, 2005 г., 183 стр. Кітапта Қ. Мұқановтың «Ученый с душой поэта» (114–119) және «Дарқан еді даласындай» (125–130) атты мақалалары берілген.

32. «Есімі ел есінде». «Академик Е. А. Букетов в воспоминаниях земляков-североказахстанцев». Петропавл 1994 г, 154 с. Кітапта Қ. Мұқановтың «Дарқан еді даласындай» атты мақаласы берілген (114–123 беттерде)

33. В сборнике СКГУ «Материалы Международной научно-практической конференции «Козыбаевские чтения – 2013: Казахстан в мировых культурно-цивилизационных процессах» дана статья К. Муканова

«Алып тұлға Абылай хан» (Абылайдың 300 жылдығына арналған) (105–109 беттерде)

34. В этом же сборнике – том 2 – статья К. Муканова «Замечательная книга о премьер» (о Байкене Ашимове) (стр. 163–165)

35. Бақыт Мұстафиннің «Сарыала күзді сағыну», Петропавл, 2013 ж. атты кітабында Қ. Мұқановтың «Ол көңілі таза жазушы еді» атты мақаласы (424–427 б) жарияланды.

36. «Азаттық үшін алысқандар. Солтүстік Қазақстан өңіріндегі тәуелсіздік үшін күрес тарихы Халықаралық ғылыми-практикалық конференция материалдары». Алматы, «Қазақ энциклопедиясы», 2011, – 464 бет. Қазақша-орысша кітапта Қ. Мұқановтың «Судьба Сабыра Айтхожина: образец жертвы тоталитарного режима» атты статьясы жарияланды (стр. 355–358)

37. «Заманның заңғары. Тарихи танымдық жинақ. Қожаберген жыраудың туғанына 300 жыл», Алматы, «Зерде» – 472 бет – атты кітапта Қ. Мұқановтың, Г. Мұқанованың «Қожаберген Толыбайұлы» мақаласы берілген (370–376 беттер)

38. В книге «Вместе по жизни» – 75-летию З. С. Беевой, Петропавловск, 2011 дана статья К. Муканова «В согласии и понимании» (стр№ 70–72)

39. В сборнике «Материалы республиканской научно-практической конференции «Творчество Магжана Жумабаева в мировом литературном процессе», посвященной 120-летию поэта – 25.04.2013 г. Петропавл. 2013 г. дана статья К. Муканова «Мағжан және Смағұл Садуақасов» (стр. 236–239)

40. В сборнике «Материалы III-международной научно-практической конференции «Актуальные проблемы науки и образования в области естественных и сельскохозяйственных наук, посвященной 90-летию академика Е. А. Букетова» – 03.04.2015 г. – Петропавл. 2015 г. опубликована статья К. М. Муқанова и А. А. Сыздықовой «Академик Е. А. Букетов – педагог и наставник» (стр. 50–53)

41. «Өшпес ерлік» атты жеңіс күніне арналған кітапта Петропавл 2015 ж. Қ. Мұқановтың 5 мақаласы жарияланды: 1. «Білікті қолбасшы, шынайы патриот (Хакім Бекішов)» (131–134 б.), 2. «43 қара қағаз» (136–139), 3. «Батыл десантшы» (Крамша Мұқанов) (172–174), 4. «Майдангер хаты» (Шәріп Хасенов) (175–177), 5. «Өмірі де, өнері де өнеге» (Қайырбек Сыздықов) – (383–385 б.)

42. Болат Сағындықовтың «Көңіл сыры» атты өлеңдер жинағына. Петропавл. 2016 ж. – 244 бет. Қ. Мұқановтың «Өңіріміздің тамаша жыршысы Болат Сағындықовтың 80 жылдығына» атты Алғы сөзі берілді (8–16 беттерде)

43. В книге «Состояние и перспективы развития методической службы в современных условиях» опубликована статья К. Муқанова «Из истории создания областного ИУУ, посвященная 60-летию ИПК и ППК»

44. В сборнике «Материалы городской научно-теоретической конференции «Формирование Казахстанского патриотизма» – Петропавловск, 20.10.2004, – опубликована статья доклад К. Муқанова «Формирования и воспитание личности на основе национальных и общественных ценностей»

45. «Жастарға да, жасамыстарға да өнеге боларлық кітап». – Әлия Шәріпқызы Әбілеваның «Аттаған қадам,

басқан із» атты кітабына жазылған Алғы сөз (сол кітапта – Петропавл. 2014 ж. – 5–8 беттерде). Осы кітаптың 45-нші бетінде менің «СҚ»-да жарияланған «Ұмытылмас ұстаз» атты Әлияның әкесі туралы мақаламды сол қалпында келтіріпті.

Өлке тұлғалары.

Петропавл – 2008 ж. – 308 бет. 100 дана кітабында жарияланған өлкеміздің ардақты азаматтарының тізімі

1. Садықов Шияп – Шал ақын ауданы Ленин орта мектебінің директоры, Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі.
2. Изтолин Баймағамбет – революционер ақын, ағартушы ұстаз.
3. Қошанов Аманжол – экономика ғылымының докторы, профессор, Қазақстан Ұлттық Ғылым академиясының академигі.
4. Мұқанов Сәбит – академик жазушы, ақын.
5. Базарбаева Қағида – Қазақ ССР-інің еңбек сіңірген мұғалімі.
6. Жұмабаев Мағжан – қазақтың ұлы ақыны.
7. Салықов Кәкімбек – Қоғам және мемлекет қайраткері, ақын, жазушы, композитор.
8. Тілеулин Жұмағали – дәрігер, Қызылжардағы қазақ педтехникумының алғашқы директоры, Алаш қайраткері.
9. Бөкетов Ебіней Арыстанұлы – ғалым, химик-металлург, техника ғылымының докторы, профессор,

Қазақ Ғылым Академиясының академигі, Қарағанды мемлекеттік Университетінің тұңғыш ректоры, жазушы, аудармашы.

10. Қангожин Мүтәллап – ақын, қазақ ССР-іне еңбек сіңірген мәдениет қайраткері.

11. Дәулетбаев Мәжит – ақын, жазушы.

12. Мусин Үмітбай – Солтүстік Қазақстан облыстық атқару комитеті төрағасының орынбасары, Қазақ ССР жоғары Советінің депутаты.

13. Әлібаев Игібай – айтыскер ақын, ұстаз.

14. Шопанов Дүйсен – жазушы, «Қазақ» газетінің тілшісі, Алаш қайраткері.

15. Иманбаев Зейнелғаби – жазушы.

16. Оспанова Марал Зейнелғабиқызы – дәрігер, ақын.

17. Жапаров Шоқан – «Жалтыр» ауылының тумасы, алғашқы коммунистердің бірі, қуғын-сүргін кезінде атылып кеткен.

18. Жұнысов Қасым – облыстық партия ұйымында көп жыл қызмет атқарған, соғыс және еңбек ардагері.

19. Құлеке батыр Тәңірбердіұлы – Абылайханның сенімді батырларының бірі әрі елшісі, Шал ақынның әкесі.

20. Қанапиянов Мұсахан – көп жыл Айыртау ауданындағы Қазгородок (қазіргі Сырымбет) мектебінің директоры, Көкшетау облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі болған белгілі ұстаз, ақын Бақытжан Қанапияновтың әкесі.

21. Әбілтаева-Баешова Ажар – техника ғылымдарының докторы, профессор, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты.

22. Мәмеков Галауәтден Есілбайұлы – ұстаз, жазушы.

23. Құлсары батыр – Абылайдың сенімді батырларының бірі, әрі елшісі.

24. Уәлиханов Шоқан – қазақтың тұңғыш ғалымы және саяхатшысы.

25. Абай Құнанбаев – ақын, аудармашы және қазақтың ұлы ойшысы.

26. Қадірәліұлы Ғалым – ұстаз, жазушы.

27. Байдильдин Әбдірахман – ұстаз, жазушы, қуғын-сүргін құрбаны.

28. Сырғабеков Нығымет – ұстаз, Қазақстанның Жері ісі халық комиссары, қуғын-сүргін құрбаны.

29. Тәштитов Қайсар – Қазақстан комсомолы орталық комитетінің бірінші хатшысы, қуғын-сүргін құрбаны.

30. Баржақсин Ахмет – ұстаз, жазушы-драматург, қуғын-сүргін құрбаны.

31. Бекенов Елжас – журналист, жазушы, қуғын-сүргін құрбаны.

32. Жамболов Әбушахман – партия, совет қызметкері, қуғын-сүргін құрбаны.

33. Жәнібеков Жанұзақ – ұстаз, журналист, Алаш қайраткері, қуғын-сүргін құрбаны.

34. Уақбаев Жақия – ұстаз, журналист, қуғын-сүргін құрбаны.

35. Жанталин Ахмет – ағартушы, журналист, қуғын-сүргінге ұшыраған.

36. Жұсыпов Әбурайра – ағартушы, журналист, «Қазақ» газетінің тілшісі, Алаш қозғалысының қайраткері, қуғын-сүргінге ұшыраған.

37. Басыбаев Мағел – ұстаз, көп жыл Жамбыл мектебін басқарған, тіл маманы.

38. Хасенов Шәріп – ұстаз, 130-шы жылдары «Ынтымақ» ауылының бастауыш мектебінің меңгерушісі болған, көп жыл Октябрь ауданының бірнеше бастауыш мектептерінде істеген.

39. Тілегенов Шайын – ұстаз, Сәбит Мұқановты оқытқан.

40. Қайыржанов совет – ұстаз, көп жыл облыс мектептерінде ұстаздық қызмет атқарған өмірінің соңғы жылдарында Мамлют ауданындағы Ленин орта мектебін басқарған.

41. Шманов Әнуарбек Нәжметденұлы – Солтүстік Қазақстан облыстық партия комитетінің 2-інші хатшысы болып істеген.

42. Нұрсейітов Уәра – журналист, соғыс және еңбек ардагері.

43. Баян батыр Қасаболатұлы – Абылайдың атақты батырларының бірі.

44. Тоқсан би Жабайұлы – белгілі би.

45. Елеусізов Мұқаш Ғаббасұлы – экономика ғылымдарының докторы, профессор.

46. Итіке батыр Жандосұлы – Шал ақын ауданының тумасы.

47. Айтхожин Сабыр – журналист, «Ленин туы» газетінің редакторы болған, қуғын-сүргін құрбаны.

48. Уәлиханов Шота Ыдырысұлы – белгілі сәулетші, Қазақстанға еңбек сіңірген сәулетші, Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты, жазушы, ақын, суретші.

49. Берденов Тайжан – журналист, партия қызметкері, редактор, қуғын-сүргін құрбаны.

50. Абылай хан.

51. Ескен Қабиев – ұстаз, мектеп директоры.

52. Қайреш Қоспанов – ұстаз, мектеп директоры.
53. Рсаев Жасұлан – ұстаз, мектеп директоры.
54. Молдағалиев Сейдеш – ұстаз, мектеп директоры.
55. Қадыров Жасұлан – ұстаз, мектеп директоры.
56. Бисарин Рахым – ұстаз, мектеп директоры, әнші.
57. Бисарин Айтбай – ұстаз, мектеп директоры.
58. Жұсыпов Досым – ұстаз, мектеп директоры.
59. Қасымов Шакен – ұстаз, мектеп директоры.
60. Қонарбаев Ермек – ұстаз, мектеп директоры, жазушы.

**«Ел ардақтылары» атты кітапта
(Петропавл, 2016 жыл, 424 бет – 100
дана) – өңіріміздің ардақты азаматтары
туралы жарияланған мақалалар тізімі**

1. Аласармас алып тұлға Абылай хан
2. Құлеке батыр
3. Шал ақын поэзиясындағы педагогикалық ой-пікірлер
4. Қожаберген жырау
5. Тоқсан би
6. Жарық жұлдыз (Шоқан Уәлиханов – 170)
7. Достойный сын великой степи (журналист Уара Нурсеитов)
8. Ол Еуропаға ашылған терезе секілді еді (Шоқан Уәлиханов – 175)
9. Ер ардақтаған Абылай (Рамазанов)
10. Атақты Абылай қажы Рамазанов
11. Алаштың айбынды ақыны (Мағжан Жұмабаев)

12. Ұлы ақынды ұлықтаған қаһарман қайраткер (Смағұл Садуақасов)
13. Мағжан және Смағұл Садуақасов
14. Мағжан және Сәкен
15. Мағжан және Міржақып
16. Мағжан және Міржақыптың досы (Жұмағали Тілеулин)
17. Елін сүйген Алаш қайраткері (Абдолла Байтасов)
18. Халық қамқоршысы (Нығымет Сырғабеков)
19. Жазықсыз жазаланған қайраткер (Жанұзақ Жәнібеков)
20. Жастардың жалынды жетекшісі (Қайсар Тәшти-тов)
21. Сахна саңлағы (Есқақ Иманқұлов)
22. Қайраткер, қаламгер Қанапия (Қанапия Мұстафин)
23. Сәкен салдырған қоныстар
24. Сәбит және Сәкен
25. Айнымас тамаша достық (Сәкен мен Сәбиттің достығы)
26. Риясыз бауырмал жазушы (Сәбит Мұқанов – 100)
27. Ұлы суреткер (Ғабит Мүсірепов)
28. Ұлы жазушы аналар, арулар туралы (Ғабит Мүсірепов – 110)
29. Қазақ журналистика институтының алғашқы жетекшісі Үмітбай Балқашев хақында
30. Туған өңіріміздегі тұңғыш ұстаздардың бірі (Ғабдолла Шоқаев)
31. Жүрек төрінен орын алған (Жұмабек Тәшеновтың асқақ адамгершілігі хақында)
32. Шал ақын жырларын жадында сақтап, халқымызға жеткізген асыл ұрпағы Қошан Жантілеуов жайлы

33. Өнегелі ақын (Ахметжан Нұртазин)
34. Адалдыққа табынды абыздықта (Бәйкен Әшімұлы Әшімов)
35. Өз заманының заңғар тұлғасы (Бәйкен Әшімов – 95)
36. Ұлағатты ұстаз (Шияп Садықұлы Садықов)
37. Белгілі ғалым, білікті ұстаз (профессор Мұқаш Елеусізов – 50 жаста)
38. Артта қалған ауданды алға шығарған Ніл Болатбаев шапағаты мол адам еді
39. Айтыстың ақтаңгері (Игібай Әлібаев – 100 жаста)
40. Сегіз қырлы, бір сырлы (Қайырбек Сыздықов – 80 жаста)
41. Өмірі де, өнері де өнеге (Қайырбек Сыздықов)
42. Ел ардақтаған азамат (Үмітбай Мусин)
43. Білікті қолбасшы, шынайы патриот (Хакім Бекішев)
44. Есімі елдің есінде (Уара Нұрсейітов – 80)
45. Батыл десантшы (Крамша Мұқанов – 85)
46. Ел намысын қорғаған ер еді (Балғожа Кенғозин)
47. Днепрді кесіп өткен ержүрек (Жәлел Қизатов – 90 жыл)
48. Жолы жаңғыл жазушы (Сафуан Шаймерденов)
49. Мәңгілік шығармалар (Сафуан Шаймерденов)
50. Асылдың сынығы еді (Уәп Латанов)
51. Гибратты ғұмыр (Мінайдар Жақыпов)
52. Сөзі де, ісі де өнеге (Қасым Жұнысұлы – 85)
53. Асыл азамат (Қаттай Кеншінбаев – 85)
54. Ұстаз, ғалым, қаламгер еді (Қанаш Шәкенов – 90)
55. Абзал азамат, білікті ұстаз еді (Қайреш Қоспанов)
56. Сан қырлы азамат еді (Уәлихан Қуанышев)

57. Ақын жүректі ғалым (Евней Арыстанұлы Бекетов – 80)
58. Алмастың әр қыры асыл (Евней Бекетов)
59. Педагог, ақын, сазгер, әнші (Миғаш Шәріпов)
60. Туған тілдің тарланы (Мағел Басыбаев)
61. Теңдессіз тарихшы (Манаш Қозыбаев – 80)
62. Өмірі де, өлеңі де өнеге еді (Қобылан Хамзин)
63. Ұшқыр сезім, терең ойдың ақыны (Кәкімбек Салықов – 80 жаста)
64. Қазақтың қыран құстай Кәкімбегі (Кәкімбек Салықов)
65. Туған ауыл туралы толғау (Жақсылық Ысқақовтың кітабы туралы)
66. Естен кетпес адал дос еді (Ескен Қабиев)
67. Құдіретті жақсы ұрпағы Абылайдың! (Шота Уәлиханов – 75 жаста)
68. Сегіз қырлы, бір сырлы тұлға (Шота Уәлиханов – 80 жаста)
69. Сәулет өнерінің саңлағы (Шота Уәлиханов – 80 жаста)
70. Шоқан мен Шота (Шоқан Уәлихановтың туғанына 180 жыл)
71. Сәулетші Шота Уәлиханов және оның достары
72. Ғылымның биік шыңында (академик А. Қ. Қошанов – 75 жаста)
73. Бар өмірін ғылымға арнаған (А. Қ. Қошанов – 80 жаста)
74. Қазақ халқы мен тілінің жанашыры (Герольд Бельгер)
75. Қазақтың Герольд Бельгері – 80 жаста
76. Қазақ тілінің білгірі еді (Герольд Бельгер)

77. Өмірі өнегелі, көңілі кіршіксіз еді (Еркін Сақтағанов – 80)
78. Өнегелі өмір (Мәркен Ахметбеков)
79. Беделді басшы, ақынжанды азамат еді (Тастемір Исембеков)
80. Всегда в поиске (Социал Жұмабаев – 70)
81. Әлемге әйгілі ғұлама (Мұрат Айтхожин – 75)
82. Адамгершілігі мол азамат еді (Қайыркеш Исма-
нов)
83. Абзал азамат, ірі ғалым (Марат Кенғожин – 70)
84. Арманда кеткен азамат (Совет Қайыржанов)
85. Қалам мен қаруды тең ұстап (Шамардан Жа-
рылғапов)
86. Білікті ғалым, ұлтжанды генерал (Абай Тасбола-
тов – 60)
87. Білгір заңгер, шынайы патриот (Сабыр Қасымов
60)
88. Ғылымның қия жолында (Ажар Баешова)
89. Тарихына тәнтімін туған жерім! (Таңат Сүгірба-
евтың «Ауылым аты – Баян» атты кітабы туралы)
90. Қазақ мемлекеттік университетінің түлегі
болғанымға мақтанамын
91. Өңіріміздің тамаша жыршысы (Болат Сағын-
дықов – 80)
92. Алғашқы «Айқаптың» Солтүстік өңірдегі тілшілері
93. Қайролла Мұқанов (қысқаша өмірбаяны)

**Таңат Сүгірбаев құрастырған
«Қызылжар өңірінің зиялы қауымы»
атты кітаптарында жарияланған
Қайролла Мұқановтың мақалалары:**

I кітап 2010 ж., 384 бет

1. Айтхожин Сабыр
2. Айтхожин Еміл Сабырұлы
3. Айтхожина Мұрат Әбенұлы
4. Айтхожина Нағима Әбенқызы
5. Ахметов Қиғара Ахметұлы
6. Ахметсафин Уфа Меңдібайұлы
7. Әбдірахманов Тілек Айтымұлы
8. Әшімов Байкен
9. Әшімов Ондасын Бәйкенұлы
10. Бағанов Ақан Жұмабайұлы
11. Баешова Ажар Қоспанқызы
12. Балахметов Қажажмет
13. Базарбаева Қағида
14. Бекенов Елжас Жүнісұлы
15. Бектұрғанов Хасан Шаяхметұлы
16. Бектұрғанов Шаймерден
17. Бекішев Хакім Нұрғалиұлы
18. Бельгер Герольд Карлович
19. Болатбаев Ніл Әдғамұлы
20. Болатбаев Казбек Нілұлы
21. Бөкетов Ебіней Арыстанұлы
22. Дәулетбаев Мәжит Боранбайұлы
23. Елеусізов Ғаббас
24. Елеусізов Мұқаш Қаппасұлы
25. Жантілеуов Қошан

26. Жарылғапов Шаймерден
27. Жұмабаев Мағжан Бекенұлы
28. Жұнысова Жаңылжан Қасымқызы
29. Иманқұлов Ысқақ
30. Итеке батыр
31. Кенжегузин Марат Балғожаұлы
32. Кеншінбаев Қаттай Бектасұлы
33. Копышев Көкен Бекжанұлы
34. Қадірәлі Ғалым Қадірәліұлы
35. Қанапиянов Мұсахан
36. Қанапиянов Бақытжан Мұсаханұлы
37. Қанғожин Мүтәллап Мұхамедияұлы
38. Қаскеев Қазиз
39. Қожаберген жырау Толыбайұлы
40. Қожабеков Зайнулла Қамалиұлы
41. Қошанов Аманжол Қошанұлы
42. Құлеке батыр Тәңірбердіұлы
43. Құрманғожин Сәлім Әлмағамбетұлы
44. Латанов Уәп Латыпұлы
45. Молдахметов Зейнолла Молдахметұлы
46. Мұқаметжанов Серік Мұхаметжанұлы
47. Мұқанов Крамша Мұқанұлы
48. Мұстафин Қанафия
49. Мусин Үмітбай Мұсаұлы
50. Мусин Серікбай Үмітбайұлы
51. Мусин Әміржан Құспекұлы
52. Олжабаев Зейнолла қажы
53. Рамазанов Абылай
54. Саин Жұмағали
55. Сақтағанов Ғалымжан Нұрғалиұлы
56. Салықов Кәкімбек

57. Сауытбеков Сейтен Лиманұлы
58. Сауытбаев Сабыр
59. Сағындықов Болат Мағазұлы
60. Серғалиев Мырзатай
61. Серкебаев Ермек Бекмұхамедұлы
62. Сүтішев Кәрім Мұхамедрахымұлы
63. Сүтішев Мелхат Усманұлы
64. Сыздықов Қайырбек
65. Сырғабеков Нығымет
66. Тасболатов Абай Белекбайұлы
67. Тәштитов Қайсар
